

Қазынашылық облигациялар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 14 наурыздағы N 114

"1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 U952700_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін және директивалық кредиттер мен ішкіреспубликалық есептеу нәтижелері бойынша берілген кредиттерді қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шаруашылық жүргізуші субъектілердің үкімет кепіліне берілген директивалық кредиттер мен 1994 жылы өткізілген кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара берешектерін, ішкіреспубликалық есептеу нәтижелері бойынша берілген кредиттер жөніндегі берешектерін, сондай-ақ оларды пайдаланғаны үшін өсімдерді өтеу үшін қазынашылық облигацияларын пайдалану туралы ұсынысы қабылдансын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

бір апта мерзім ішінде директивалық кредиттер мен ішкіреспубликалық есептеу нәтижелері бойынша берілген кредиттер жөніндегі берешектерді қазынашылық облигацияларымен өтеу ережесін әзірлеп, бекітсін;

шаруашылық жүргізуші субъектілерден Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазынашылық облигацияларын шығару туралы" 1996 жылғы 8 ақпандағы N 185 P960185_ және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шұғыл айналыстағы вексельдері мен вексельдік міндеттемелерін қазынашылық облигацияларға айналдыру туралы" 1996 жылғы 8 ақпандағы N 178 P960178_ қаулыларына сәйкес шығарылған қазынашылық облигацияларын директивалық кредиттер мен ішкіреспубликалық есептеу нәтижелері бойынша берілген кредиттер жөніндегі берешекті өтеу есебіне, оларды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің тағайындалған депозитарлы-банкіндегі арнаулы депо-шотына аудару арқылы қабылдансын.

Премьер-Министр